



КЕЛІСЕМІН:
Директордың тәрбие ісі
ісі жөніндегі орынбасары
Каенов А.М.

«28» 08 2026ж.

ӘБ ОТЫРЫСЫНДА
қаралды
Хаттама №т 1
Бірлестік жетекшісі
Каменова Г.Е.

«28» 08 2026ж.

«Бес асық» үйірмесінің күнтізбелік- тақырыптық жоспары

Үйірме атауы: «БЕС АСЫҚ»

Үйірме жетекшісі: Ибраев Ж.Ж

Қатысушы: 5-8 сынып

2026-2027 оқу жылы

Түсінік хат

Асық ойыны – Қазақ балаларының ең сүйіп ойнайтын ойыны болған. Бұл ойын балаларды ептілікке, төзімділікке, мергендікке баулиды. Қазақтың өмірінде мал шаруашылығы қандай маңызды болғандығының бір дәлелі осы – асық ойыны. Асық уақ малда қой, ешкіде, киікте, тау текеде болады. Асықтың бір кереметі оны ешкім қолдан жасап жатпайды. Табиғи нәрсе. Оның жақсы салмақты түрлерінен сақа жасайды. Қазақта «Қой асығы болғанмен қолыңа жақса сақа тұт, жасы кіші болса да ақылы асса аға тұт» деген мақал бар. Бір нәрсенің дайын екенін білдіретін «Сақадай сай» сөз тіркесі де бар. Қазақ баласы тумай тұрып-ақ ырым етіп асық жинаған және асықты ұл бала ойнағандықтан балаларымыз ұл болсын деп ырым еткен. Жолаушы адамның жолдан аман оралуына асық үйірген.

Асықтың Алшы, Тәйке, Бүк, Шік, Омпа деген жақтары болады. Оның ішінде алшы жатысын өте бағалаған. Өмірде жолы болған дәулетті адамдарды «Асығы алшысынан түсіп тұр» деп айтқан Ежелден дәстүрлі ойындар халықтың өмір сүру әдісін, тұрмыс-тіршілік еңбегін, ұлттық дәстүрлерін, батырлық-батылдық туралы түсінігін дәріптеп қана қоймай, адалдыққа, күштілікке ұмтылуға, шыдамдылыққа тағы басқа құндылықтарға тәрбиелеген. Міне осынай халық арасында әсіресе балалар арасында кең тараған ойындардың бірі – асық ойнау.

Бес асық - өте кең таралған қазақ ұлттық ойыны, ойын ережелері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді, айлакерлік және тапқыштықты, дамытатын спорттық ойыны. Бес асық - ойыншылардың арасында көшбасшылықты, көрегендікті, өткірлікті, асарлықты, ептілікті, күшті, шыдамдылықты дамытатын-көшпенділер балаларының танымал сайысы. Тәлім-тәрбиенің және жаттығудың негізінде жалпыдаму және арнаулы жаттығу жатады, физикалық даму сапасына бағытталған, сонымен қатар ойынның тактикасын және техникасын басып алу.

«БЕС АСЫҚ» ойын ережесі

Әр ойыншыда бес асықтан болады. Асықтың салмағы (11гр. ені 2см; ұзындығы 3.5см; 9 гр. ені 2 см. ұзындығы 3 см.) кем болмауы керек, (ұсақ малдың асығы ойын алаңына қатыстырылмайды) ал жоғары болуына рұқсат. Асықтар сіңірінен жақсылап тазартылған болсын. Төрт асық бір түспен, хан басқа түспен боялады. Түстерді таңдау ойыншының өз еркінде. Ойыншының киім нысаны спорт үлгісінде немесе ұлттық үлгіде болуы шарт.

Ойын мазмұны. Ойын кезегі асықтарды иіру арқылы анықталады. Асығы алшысынан түскен ойыншы ойнау кезегіне ие болады. Бірінші ойыншы ойынның ережесін бұзғанша ойнайды. Кейін ойынға екінші, үшінші ойыншы өз кезегімен кіріседі. 6 ж., 7 ж., 12 және ұпайдан басқа ойындар бір қолмен ойналады. Ойыншы жерден (кілемнен) асықтарды алғанда, асық алатын қолы басқа асықтарға тимеуі және кілемде жатқан ойын асықтары бір-біріне тимеуі керек және де асықтарды иірген кезде, ойнап жатқан кездерде қол да, асықтар да дене мен киімге жанаспауы керек. Екінші қолы тізесінің үстінде болуы шарт. Әр жаттығудан кейін ойынды бекіту. Әр жаттығуда хан бірден алынады, басқа жағдайда ойын кезегі келесі ойыншыға өтеді. Егер ойын барысында ереже бұзылса, кезек келесі ойыншыға беріледі.

1. Бірлік жаттығуы

Ойыншы кілемге бес асықты иіріп тастайды, міндетті түрде ханды алады, (Хан асық ойынның жүргізетін негізгі асық болып есептеледі). Ойыншы ханды жоғарыға лақтырып, кілемде жатқан асықтардың бірін алып, лақтырған ханды қағуы керек. Хан қайта жоғары лақтырылып, кілемдегі шашылған асықтардың екіншісі, кейін үшінші, төртінші алынады.

Ескерту: Ханды қаққан кезде алақанның сырты кілемге жанаспауы керек. Кілемнен алынған асықтар, бөлек жиналады.

2. Екілік жаттығуы

Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен екі асық алынады да бірліктегідей лақтырылған хан қағылып алынады. Кейін тағы екеуі алынады. Кілемнен алынған асықтар бөлек жиналады.

3. Үштік жаттығуы

Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен үш асық алынады. Хан қайта қағылады. Кілемде қалған жалғыз асық ханды жоғары лақтырып, бөлек алынады, хан қайта қағылады.

4. Төрттік жаттығуы

Барлық бес асықты алақанда ұстайды. Хан жоғарыға лақтырылып, қалғандары бірден кілемге қойылады да лақтырылған асық қағылып алынады. Кейін хан жоғарыға лақтырылып, төртеуі жиылып алынып, лақтырылған хан қағылады.

5. Жалақ жаттығуы

Барлық асықтар алақанға жиналады, хан жоғары лақтырылып, қалған төрт асықты қапсыра ұстап, сұқ саусақ үш немесе бес рет (келісім бойынша) алға немесе артқа қарай үйкеліп кілемге жалатылады, шамалап 5 см (ерсілі – қарсылы үйкеуге, кілемді нұқуға болмайды). Ханды құлатпай қағып алу керек.

6. Алақан жаттығуы

Асықтар кілемге шашылады, қолдың алақаны үстіне қаратылып, кілем үстіне сырт жағымен қойылады, хан жоғарыға лақтырылып, кілемдегі асықтардың біріншісі алынып, алақанға қойылады, хан қайта қағылады. Екінші, үшінші, төртінші асық та осылай ойналады, соңында ханды алақанға қоямыз. Асықтар алақанға ғана жиналады, егер білезіктің үстіне қарай асықтың тұмсығы болса да шығып кетсе қатеге есептеледі.

7. Төрт бұрыш жаттығуы

Төрт асық шаршы бойынша (шамамен 20*20 см. ересектер, 10*10 см. жасөспірімдер) қойылады. Ойыншы асығын жоғарыға лақтырып, шаршылай тігілген асықтарды бірден жинап, лақтырылған асықты қағып алуы тиіс.

8. Алмастыру жаттығуы

Асықтар кілем үстіне шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен бір асық алынып, лақтырылған асық қағылады. Ойыншының қолында екі асық болады. (Хан екінші қолдың көмегімен алға яғни саусақтарға ауыстырылады). Ол жоғарыға лақтырылып, қолда қалған екіншісі кілемде жатқан басқа асықпен алмастырылады да лақтырылған хан қағылып алынылады. Осылайша, асықтарды алмастыра отырып, олар бір жерге жинастырылады. Соңында хан жоғары лақтырылады, қолға төрт асық жиналып алынады да хан қайта қағылады.

9. Үндемес жаттығуы

Бірліктегі әрекет қайталанады, бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде қалғандары бір-біріне соқтығысып сартылдаған немесе т.б дауыс шығармауы керек.

10. Сарт-сұрт жаттығуы

Бірліктегі әрекет қайталанады,

- бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде, асықтар бір-біріне тиіп,
- екі рет сарт – сұрт еткен дыбысы естілуі тиіс.

11. Қаршу жаттығуы

- Асықтар шашылады. Хан жоғарыға лақтырылады. Кілем үстінде шашылып жатқан асықтардың біреуін көтеріп, түсіп келе жатқан ханды үстінен
- қаршып қағу керек. Сонда қолда екі асық болады. Көтерілген асықты бөлек жинаймыз. Ханды лақтырып, қалған асықтарды бір-бірлеп теріп,
- түсіп келе жатқан ханды қаршып қағып отыру керек.

12. Нәби жаттығуы

- Ойыншы сол қолының бас бармағы және ортанғы саусағының көмегімен «дарбаза» құрады, оң қолмен құрылған «дарбазаның» үстінен

2. Екілік жаттығуы

Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен екі асық алынады да бірліктегідей лақтырылған хан қағылып алынады. Кейін тағы екеуі алынады. Кілемнен алынған асықтар бөлек жиналады.

3. Үштік жаттығуы

Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен үш асық алынады. Хан қайта қағылады. Кілемде қалған жалғыз асық ханды жоғары лақтырып, бөлек алынады, хан қайта қағылады.

4. Төрттік жаттығуы

Барлық бес асықты алақанда ұстайды. Хан жоғарыға лақтырылып, қалғандары бірден кілемге қойылады да лақтырылған асық қағылып алынады. Кейін хан жоғарыға лақтырылып, төртеуі жиылып алынып, лақтырылған хан қағылады.

5. Жалақ жаттығуы

Барлық асықтар алақанға жиналады, хан жоғары лақтырылып, қалған төрт асықты қапсыра ұстап, сұқ саусақ үш немесе бес рет (келісім бойынша) алға немесе артқа қарай үйкеліп кілемге жалатылады, шамалап 5 см (ерсілі – қарсылы үйкеуге, кілемді нұқуға болмайды). Ханды құлатпай қағып алу керек.

6. Алақан жаттығуы

Асықтар кілемге шашылады, қолдың алақаны үстіне қаратылып, кілем үстіне сырт жағымен қойылады, хан жоғарыға лақтырылып, кілемдегі асықтардың біріншісі алынып, алақанға қойылады, хан қайта қағылады. Екінші, үшінші, төртінші асық та осылай ойналады, соңында ханды алақанға қоямыз. Асықтар алақанға ғана жиналады, егер білезіктің үстіне қарай асықтың тұмсығы болса да шығып кетсе қатеге есептеледі.

7. Төрт бұрыш жаттығуы

Төрт асық шаршы бойынша (шамамен 20*20 см. ересектер, 10*10 см. жасөспірімдер) қойылады. Ойыншы асығын жоғарыға лақтырып, шаршылай тігілген асықтарды бірден жинап, лақтырылған асықты қағып алуы тиіс.

8. Алмастыру жаттығуы

Асықтар кілем үстіне шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен бір асық алынып, лақтырылған асық қағылады. Ойыншының қолында екі асық болады. (Хан екінші қолдың көмегімен алға яғни саусақтарға ауыстырылады). Ол жоғарыға лақтырылып, қолда қалған екіншісі кілемде жатқан басқа асықпен алмастырылады да лақтырылған хан қағылып алынылады. Осылайша, асықтарды алмастыра отырып, олар бір жерге жинастырылады. Соңында хан жоғары лақтырылады, қолға төрт асық жиналып алынады да хан қайта қағылады.

9. Үндемес жаттығуы

Бірліктегі әрекет қайталанады, бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде қалғандары бір-біріне соқтығысып сартылдаған немесе т.б дауыс шығармауы керек.

10. Сарт-сұр жаттығуы

Бірліктегі әрекет қайталанады,

- бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде, асықтар бір-біріне тиіп,
- екі рет сарт – сұрт еткен дыбысы естілуі тиіс.

11. Қаршу жаттығуы

- Асықтар шашылады. Хан жоғарыға лақтырылады. Кілем үстінде шашылып жатқан асықтардың біреуін көтеріп, түсіп келе жатқан ханды үстінен қаршын қағу керек. Сонда қолда екі асық болады. Көтерілген асықты бөлек жинаймыз. Ханды лақтырып, қалған асықтарды бір-бірлеп теріп,
- түсіп келе жатқан ханды қаршып қағып отыру керек.

12. Нәби жаттығуы

- Ойыншы сол қолының бас бармағы және ортаңғы саусағының көмегімен «дарбаза» құрады, оң қолмен құрылған «дарбазаның» үстінен

- асыра алдыңғы жаққа асықтарды шашады. Хан жоғарыға лақтырылады, ал қалған асықтарды бір- бірден сыдыртып «дарбазаның» астымен қолдын
- арғы жағына өткізіп барып лақтырылған ханды құлатпай қағу керек. Осылайша «дарбазаға» барлық асықтар кезекпен енгізіледі. Бұл әрекетте ереже
- бар: ойыншы тағы бір асық тандайды – «ағалық» («нәби»). Бұл ең жақыны немесе алыс асық болуы мүмкін, ол туралы ойынның бас кезінде келісіледі.
- Ол «дарбазаға» ең соңғы болып кіргізіледі. Бұл асықты қарсыласы тандайды.

13. Ұпайларды санау

Алдыңғы әрекеттерді аяқтаған соң, ойыншы өзіне екі жолмен ұпайларды жинайды.

- Жоғарыға 5 асық лақтырып, оларды алақанның сыртымен ұстап алады. Қайта жоғарыға лақтырып, оларды үстінен қаршып ұстайды. Әр асық 10 ұпаймен есептеледі.
- Егер ойыншы барлық 5 асықты ұстап алса, онда 50 ұпай жинайды. Егер ұпай алар кезде ойыншы 0 яғни еш ұпай ала алмаса, сол ойында ұпай алуға екінші мүмкіндік берілмейді,
- кезегін қарсыласына береді. Келесі ойын бірліктен бастайды.
- Ойыншы қолын сыртқа қаратып, барлық асықтарды жоғарыға лақтырады. Кейін оларды астынан алақанын ашып, ұстап алады. Әр асық үшін 10 ұпайдан алады.

Ойыншылар кілемнен асықтарды алған кезде, басқа асықтарға қолдары тимеуі керек.

Егер ойын ережесі бұзылса, ойынды келесі ойыншы жалғастырады.

Ойын әр қашан бұзылған жерінен жалғастырылады.

Жеңістің берілу шарты: Қай ойыншы бұрын 150 ұпайға қол жеткізсе, жеңісті иеленеді. Бірақ кезек алған бірінші ойыншы ойынды басынан аяғына дейін тоқтамастан ойнап 150 ұпайды толық алып кетсе, екінші ойыншыға бір мүмкіндік беріледі. Екінші ойыншы өз шеберлігін көрсетуге құқылы. Егер ол да бірінші ойыншы сияқты өз ойын тоқтамастан ойнап, 150 ұпай жинаса тең дәрежелі ойын деп есептеліп, жеңіс асық иіру арқылы анықталады. Ересектер-150 ұпай, жасөспірімдер – 100 ұпай.

Ескеру: Бес асық ойны уақытқа ойналады. Ересектерге жалпы 15 минут, жасөспірімдерге 15 минут уақыт беріледі. Әр ойыншы ойын барысында 1 минуттық үзіліс алуға құқылы.

Төреші ойын барысын толық өз бақылауында ұстайды. Ойын ережелерін, тәртібін, тыныштығын бұзған ойыншыға 1-рет ауызша ескерту жасалады, 2- рет сары кәртішке көрсетіледі, ескертулерге құлақ аспаса 3-рет қызыл кәртішке көрсетіліп ойыннан босатылады

Тәртіп санкциясы

Ойыншылар:

Ойыншы төрешінің шешіміне демонстрациялық түрде мінез көрсетсе, төрешілерге, қарсыластары мен көрермендерге қарсы дөрекілік көрсетсе, әдепсіз сөйлесе, басқа да осыған ұқсас әрекеттері қарсылық ретінде қарастырылады.

Мұндай жағдайда ойыншыға қатысты барлық жазалау ресми Ережеге сәйкес орындалады.

Жаттықтырушылар:

Төрешіге қарсы шыдамай тіл тигізгенде цензура талаптарына қайшы сөздер айтылғанда, даулы тәртіпсіздік әрекеттер туындаған жағдайда, ойын есебі төрешінің шешімімен есептеледі. Мұндай жағдайда жаттықтырушы сары немесе қызыл карточкамен жазаланады.

«Бес асық» үйірмесінің мақсаты мен міндеті

Мақсаты:

Ұлттық ойындардың ішінде аса танымалысы – бес асық ойыны. Бес асық ойыны -қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойындарының ең қызықты әрі өте кең тараған түрі. Сондықтан ғасыр бойы халықтың зердесінде сақталып келген осы бір қызғылықты ойынды өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде ұтымды пайдалану, халық пен оқушылар арасында ұлттық спорттық ойынын дамыту және насихаттау.

Міндеті:

«Бес асық» ұлттық спорт түрлерінің үйрету кезеңінде теориялық, тактикалық, техникалық, адамгершілік жігерін дамыту.

Бес асық ойынының ережелерімен танысып, ізденіс жасап, асықпен қолда жаттығу жасау арқылы ойын техникаларын үйрену;

Оқушыларды іскерлікке, ептілікке шыңдау, төзімділікке қалыптастыру;

Психологиялық сенімділікті күшейту;

Үйірме аптасына 2 сағаттық есеп бойынша 34 аптаға дейін есептелген, барлығы 68 сағатқа жоспарланған.

Бес асық» үйірмесінің жылдық жоспары

№	Тақырып, мазмұны	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Асық ойынының шығу тарихы. Ойын ережесін түсіндіру.	1	02.09.2026	
2	Асық ойын түрлерімен таныстыру.	1	04.09.2026	
3	Асықтың түрлерімен танысу. Бес асықты алақанда ұстап иіріп тастау.	1	09.09.2026	
4	Асықты жоғары лақтырып қағып алу әдістерін үйрету.	1	11.09.2026	
5	Асықты жоғары лақтырып қағып алу әдістерін қалыптастыру.	1	16.09.2026	
6	Бірлік ойын әдісін үйрету.	1	18.09.2026	
7	Бес асық ойыны. Бірлік ойын әдісін қалыптастыру.	1	23.09.2026	
8	Екілік ойын әдісін үйрету.	1	25.09.2026	
9	Бес асық ойыны. Бірлік ойын әдісін шыңдау.	1	30.09.2026	
10	Екілік ойын әдісін қалыптастыру.	1	02.10.2026	
11	Бес асық ойыны. Екілік ойын әдісін шыңдау.	1	07.10.2026	
12	Үштік ойын әдісін үйрету.	1	09.10.2026	
13	Бес асық ойыны. Үштік ойын әдісін қалыптастыру.	1	14.10.2026	
14	Төрттік ойын әдісін үйрету. Асықтардың арасы 20 см болады.	1	16.10.2026	
15	Бес асық ойыны. Үштік ойын әдісін шыңдау.	1	21.10.2026	
16	Төрттік ойын әдісін қалыптастыру.	1	23.10.2026	
17	Бес асық ойыны. Төрттік ойын әдісін шыңдау.	1	04.11.2026	
18	Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау.	1	06.11.2026	
19	Бес асық ойыны. Үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау.	1	11.11.2026	
20	Жалақ ойын әдісін үйрету. Сұқ саусақпен.	1	13.11.2026	
21	Бес асық ойыны. Жалақ ойын әдісін қалыптастыру.	1	18.11.2026	
22	Алақан ойын әдісін үйрету.	1	20.11.2026	
23	Бес асық ойыны. Жалақ ойын әдісін шыңдау.	1	25.11.2026	
24	Алақан ойын әдісін қалыптастыру.	1	27.11.2026	
25	Бес асық ойыны. Алақан ойын әдісін шыңдау.	1	02.12.2026	
26	Төртбұрыш ойын әдісін үйрету. Сұқ саусақпен үш рет артқа қарай кілемді үйкелеу.	1	04.12.2026	
27	Бес асық ойыны. Төртбұрыш ойын әдісін қалыптастыру.	1	09.12.2026	
28	Алмастыру ойын әдісін үйрету.	1	11.12.2026	
29	Бес асық ойыны. Төртбұрыш ойын әдісін шыңдау.	1	18.12.2026	
30	Алмастыру ойын әдісін қалыптастыру.	1	23.12.2026	
31	Бес асық ойыны. Алмастыру ойын әдісін шыңдау.	1	25.12.2026	

32	Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шындау.	1	30.12.2026	
33	Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шындау (жалғасы).	1	08.01.2027	
34	Үндемес ойын әдісін үйрету.	1	13.01.2027	
35	Бес асық ойыны. Үндемес ойын әдісін қалыптастыру.	1	15.01.2027	
36	«Сарт-сұрт» ойын әдісін үйрету. Жоғары лақтырылған асықты ұстар кезде екі рет сарт-сұрт дыбысын шығару.	1	20.01.2027	
37	Бес асық ойыны. Үндемес ойын әдісін шындау.	1	22.01.2027	
38	«Сарт-сұрт» ойын әдісін қалыптастыру.	1	27.01.2027	
39	Бес асық ойыны. «Сарт-сұрт» ойын әдісін шындау.	1	29.01.2027	
40	Қаршу ойын әдісін үйрету.	1	03.02.2027	
41	Бес асық ойыны. Қаршу ойын әдісін қалыптастыру.	1	05.02.2027	
42	Нәби ойын әдісін үйрету.	1	10.02.2027	
43	Бес асық ойыны. Қаршу ойын әдісін шындау.	1	12.02.2027	
44	Нәби ойын әдісін қалыптастыру.	1	17.02.2027	
45	Бес асық ойыны. Нәби ойын әдісін шындау.	1	19.02.2027	
46	Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шындау.	1	24.02.2027	
47	Бес асық ойыны. Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шындау.	1	26.02.2027	
48	Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шындау (жалғасы).	1	03.03.2027	
49	Бес асық ойыны. Ереже бойынша үйретілген ойын түрлерінің командалық әдіс тәсілдерін шындау.	1	05.03.2027	
50	Ереже бойынша үйретілген ойын түрлерінің командалық әдіс тәсілдерін шындау (жалғасы).	1	10.03.2027	
51	Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шындау. (1-сабақ)	1	12.03.2027	
52	Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шындау. (2-сабақ)	1	17.03.2027	
53	Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шындау. (3-сабақ)	1	19.03.2027	
54	Бес асық ойыны. Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шындау. (1-сабақ)	1	31.03.2027	
55	Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шындау. (2-сабақ)	1	02.04.2027	
56	Ұнай жинау әдісін үйрету.	1	07.04.2027	
57	Бес асық ойыны. Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін	1	09.04.2027	

	шындау.			
58	Ұпай жинау әдісін қалыптастыру.	1	14.04.2027	
59	Ұпай жинау әдісін шындау.	1	16.04.2027	
60	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шындау. (1-сабақ)	1	21.04.2027	
61	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шындау. (2-сабақ)	1	23.04.2027	
62	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шындау. (3-сабақ)	1	28.04.2027	
63	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шындау. (4-сабақ)	1	30.04.2027	
64	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шындау. (5-сабақ)	1	05.05.2027	
65	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шындау. (6-сабақ)	1	12.05.2027	
66	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын. (1-сабақ)	1	14.05.2027	
67	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын. (2-сабақ)	1	19.05.2027	
68	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын. (3-сабақ)	1	21.05.2027	
	БАРЛЫҒЫ	68		

«Бес асық» үйірмесінің уақыты

Апта күндері				
Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
		13:00-14:00		13:00-14:00

**«Бес асықтан» Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін
мектебі командасының**

Сұранысы

№	Оқушының аты-жөні	Туған жылы	Сыныбы	Дәрігер анықтамасы
1				
2				
3				
4				
5				

Мектеп директоры:

Жауапты мұғалім: